

**6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (Phd) ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған Онтуганова Шынар Шералиевнаның «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшінің**

## **ПІКІРІ**

Елімізде бүгінгі таңда қоғамда, жеке әлеуметтік өмірде болып жатқан елеулі өзгерістер болашақ ұрпаққа білім беру жүйесінде жаңа да күрделі талаптар қоюда. Оқушы тұлғасының ақыл-ойын жетілдіруде білім берудің сапалылығына, озық дамуға бағытталған педагогикалық ғылым мен тәжірибедегі жаңа идеяларды ұсыну, оны жүзеге асыру, оқушыларда білім-біліктер жиынтығын қалыптастырумен ғана шектеліп қоймастан, баланың бойындағы белсенді, өз бетінше ойлай білетін, шығармашыл, ақыл-ойы жетілген тұлғалық мүмкіндіктерді дамытуға бағытталған нақты әрекеттердің болуын талап етеді.

Осыған сәйкес, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарындағы 3 – жалпыұлттық басымдық, сапалы білімге байланысты: «Оқушылардың ойлау дағдыларын қарапайым деңгейден (білу, түсіну, қолдану) жоғары деңгейге дейін (талдау, синтездеу, бағалау) қалыптастыру маңызды», – деп ел дамуының жаңа бағытын іске асыру үшін адам капиталын дамыту бағыттарын көздейді. Демек, мемлекет білім беру жүйесінде ақыл-ой әрекеттерінің нәтижелілігі мен дамыту деңгейін көтеруді қажет етіп отыр. Себебі, бүгінгі Қазақстанның даму кезеңінде ғылым мен білімнің өзара байланысы, оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың басты қозғаушы күші болып отырғандығы анық. Ендеше бәсекеге қабілетті ұлт, ұлттық сана-сезімі мол, жан-жақты, ақыл-ойы дамыған, білімді ұрпақ қалыптастыру секілді іс-әрекеттерге басымдық берудің қажеттілігін түсінеміз.

Бастауыш мектеп жасындағы ойлау – дамудың басты құралы. Ал баланың ойы мен тілін дамытуға әсер ететін логикалық амалдар (талдау, жинақтау, салыстыру, жалпылау, логикалық пайымдау тізбегін құру, гипотеза) мектеп бағдарламасының пәндері бойынша білімді ойдағыдай меңгеруге қажетті танымдық құралдар болып табылады. Ендеше бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілі дамып, қалыптасуы үшін қоғамның жаңа талаптарына бағытталған логикалық амал-тәсілдерді құрал ретінде оқытуда жүзеге асырудың өзектілігі тереңдей түседі. Қазіргі таңда логикалық амал-тәсілдерді бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту қоғамның қажеттілігінен туындап отырған талап болғандықтан О.Ш.Шералиевнаның «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады.

Диссертация кіріспеден, үш тараудан, зерттеудің негізгі тұжырымдары келтірілген қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

Диссертант диссертациялық жұмысты орындау барысында төмендегідей ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық негіздері анықталды;

- логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, компоненттері, өлшемдері мен көрсеткіштері, деңгейлері анықталды;

- бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік негіздері жүйеленді.

- бастауыш мектеп мұғалімдері мен бастауыш мектеп оқушыларының логикалық амал-тәсілдер арқылы ойы мен тілін дамыта оқытуға даярлаудың әдістемелік кешені: бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған «Бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы 24 сағатқа арналған ғылыми-әдістемелік семинар бағдарламасы жасалды; бастауыш мектептің 3-ші сынып оқушыларына арналған «Логикалық сауаттылық» факультативтік курс бағдарламасы мен «Логикалық тапсырмалар» атты 3-ші сынып оқушыларына арналған тапсырмалар жинағы дайындалды.

Зерттеу жұмысы бойынша нормативтік құжаттарға және ғылыми еңбектерге талдау жасалып, логикалық амал-тәсілдерді қолдану арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыту мәселесінің өзектілігі дәлелденген. Бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған. «Ой мен тілді дамыта оқыту», «логикалық амал-тәсілдер» ұғымдарының мәнін талдауда философиялық, педагогикалық және психологиялық астарлары зерделеніп, құрылымдық жағынан сараланып, тиісті сипаттамаларын берумен қоса, хронологиялық дамуды негізге ала отырып ұғымдардың мәні нақтыланып, ғылыми қорындағы жетістіктер негізінде сипаттама берілуі арқылы дәлелденген. Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың әдістемелік жүйесі қамтамасыз етілген. Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқытудың құрылымдық-мазмұндық моделі қарастырып отырған мәселе бойынша мотивациялық-мақсаттылық, мазмұндық-іс-әрекеттік, бағалаушылық-рефлексивті компоненттерден түзіліп, оның мазмұнына сай өлшемдер мен көрсеткіштер және оның жағары, орташа, төмен деңгейлері анықталып, өзара тығыз байланыста жүзеге асатын тұтас құрылым ретінде қарастырылған.

Бастауыш білім беру жүйесінде логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту мәселесінің

әдістемелік кешені әзірленіп, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент нәтижелеріне сүйеніп дәлелденді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі қағидалары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда және ғылыми басылымдарда талқыланды. Зерттеу жұмысының тақырыбы бойынша барлығы 6 ғылыми жұмыс жарық көрген. Оның 4-уі ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шет елдік басылымда, 1 мақала шетелдік халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарық көрді.

Онтуганова Шынар Шералиевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (Phd) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Логикалық амал-тәсілдер арқылы бастауыш мектеп оқушыларының ойы мен тілін дамыта оқыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы дербес орындалған, аяқталған, диссертацияға қойылатын талаптарға сәйкес жазылған жұмыс деп санаймын.

Онтуганова Шынар Шералиевнаның 6D010200 – «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша «философия докторы» (Phd) ғылыми дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші,  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік  
педагогикалық университеті  
п.ғ.д., профессор



А.Жапбаров